

«Қаржы құқығы»



**Тақырып: Ұлттық Банктің ХВҚ серіктестігі және
халықаралық шарттар.**

Халықаралық валюта қоры

Халықаралық валюта қоры (International Monetary Fund (IMF)) — әлемдік қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатысты туындайтын түйткілдерді зерттейтін және қажет болған жағдайда мүше елдерге қаржылық және техникалық қолдау ұсынатын халықаралық ұйым

1944 жылғы 1-22 шілдеде Бреттон-Вудте (АҚШ) өткізілген конференцияда 29 ел Келісімнің Баптарына қол қойған кезде, 1945 жылғы 27 желтоқсанда құрылды.

Оның штаб-пәтері АҚШ астанасы Вашингтонда орналасқан.



ХВҚ — ол үкімет аралық валюта — қаржылық ұйым, оның мақсаты өзінің мүше — мемлекеттер арасындағы валюталық қатынастарды реттеу, төлем баланстарының тапшылығын жабу үшін оларға қысқа және орта мерзімде шетел валютасымен кредит беру.

Алдымен **ХВҚ** мүшелері болып **35** мемлекет енді, **2006 жылы** оның саны **184-ке** жетті. **Қазақстан** соған мүше болып **1992 жылы** енді.



ХВҚ-ның қызметтік міндеттері: халықаралық валюталық ынтымақтастықты тереңдету; қаржылық тұрақтылықты нығайту; экономикалық өсуді нығайтып, жұмыспен қамту деңгейін жоғарылату; сондай-ақ, көпжақты төлем жүйесін құруды жеңілдету.

ХВҚ-ның негізгі міндеттері:

халықаралық валюта-қаржылық ынтымақтастыққа ықпал ету;

халықаралық сауда өсімін теңестіру және кеңейтуді жеңілдету;

Мүше мемлекеттер арасындағы валюта қатынасын тұрақтылығын қолдау және реттеу;

көпжақты есеп жүйесін құруға көмектесу

мүше мемлекеттерге төлем балансын реттеу үшін несие ұсыну;

халықаралық төлем баланстар теңсіздігін бұзушылықты қалпына келтіру.



ХВҚ — өзінің құрылымы жағынан акционерлік қоғамға ұқсайды. Сондықтан оның қызметіне әр елдің жарлық қорына қосқан үлесіне (квота) қарай әсер етеді. **АҚШ** онда ең көп квотаға ие, сондықтан оның банктің саясатына ықпалы жоғары.

Мәселені шешуде дауыс берудің өзара келістіру принциптері де сол жарна қорындағы әр елдің үлесіне байланысты: 24 өте дамыған елдің (олар жалпы мүше елдердің 14%) үлесі 60% дауыс иеленеді, оның ішінде **АҚШ — 17,7%, ЕО елдері 26,2%, Жапония — 7%.**




Мүше елдердің қор капиталына үлесі (взносы) 2 бөліктен тұрады:

1) әр елдің квоталарының 25% немесе оның алтын валюта резерв қорының 10% шамасы алтын түрінде;

2) квотаның қалған бөлігі ұлттық валюта түрінде болуы керек.

Квотаның мөлшері әр елдің экономикалық, қаржылық жағдайына қарай белгіленді, ол әрбір 5 жылда қайта қаралып отырады.





Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
2000 жылғы 24 мамырда ХВҚ кредиттік
желілері бойынша 295,8 млн. СДР
мөлшеріндегі міндеттемелерін мерзімінен
бұрын өтеді.



Ұлттық Банк ХВҚ-ға апта сайынғы және ай сайынғы негізде монетарлық статистика жөнінде деректер ұсынады. Статистикалық деректер сондай-ақ ХВҚ-ның қатысты жыл сайынғы (сәуір) миссиясы үшін, сондай-ақ қаржы тұрақтылығының көрсеткіштері бойынша (сұрақтар бойынша) ұсынылады.

Халықаралық Валюта Қоры Қазақстан 2003 жылы қосылған ДТАС («Деректер таратудың арнайы стандарттары») сәйкес үш жылда 1 рет макроэкономикалық статистиканы, оның ішінде ақша-кредит статистиканы бағалауды жүргізеді. Бағалау негізінде «Стандарттар мен кодекстерді сақтау туралы есеп» жасалады.



Ұлттық Банктің басшылығы жыл сайынғы негізде көктемде және күзде Дүниежүзілік Банктің және Халықаралық Валюта Қорының Басқарушылары Кеңесінің Жыл сайынғы Қарама-қарсы Кездесулеріне қатысады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы № 323 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2009 жылғы 20 наурыздағы № 377 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының атынан Халықаралық Валюта Қоры Басқарушыларының Кеңесінде Басқарушы болып табылады.



ХВҚ-ның стандарттар мен кодекстердің сақталуын тексеру жөніндегі миссиясы соңғы ретте Алматы қаласында 2006 жылғы қараша-желтоқсанда жұмыс істеді.

2004 жылы **ХВҚ** миссиясы инфляциялық тергеттеуді ендіру мәселелері бойынша техникалық көмек көрсетті.





www.enegister.com



Назарыңызға рахмет!
Орындаған: Арзатов Айбар